

"Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 наурыздағыдағы № 159 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, экономикалық қауіпсіздікке қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін дағдарысты жағдайлар кезеңінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар уақытша сипаттағы, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық саладағы реттеудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгеннен ерекшеленетін өзге тәртібін көздейтін актілер қабылдауға құқылы деп айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) заңнамалық актілерге осы Жарлықты іске асыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасын екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және бір жыл бойы қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев